Пайдалану бойынша нұсқаулық

Желілік зарядтау
құрылғысы GaN
CB20C-1

DEXP

Құрметті сатып алушы!

Біздің өнімімізді таңдағаныңыз үшін алғыс білдіреміз. Сапаға, функционалдылыққа және дизайнға қойылатын жоғары талаптарға сәйкес әзірленген және жасалған өнімдер мен құрылғыларды ұсынуға қуаныштымыз. Пайдалануды бастамас бұрын қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпарат, сондай-ақ өнімді дұрыс пайдалану және оған күтім жасау бойынша ұсынымдар қамтылған осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Осы Нұсқаулықты сақтап қойып, өнімді әрі қарай пайдалану барысында анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

Құрылғы мақсаты

Желілік зарядтау құрылғысы мобильді құрылғыларды айнымалы ток желісінен зарядтауға арналған.

Сақтық шаралары

- Желілік зарядтау құрылғысын судан және басқа сұйықтықтардан, сондай-ақ жылу көздерінен аулақ ұстаңыз.
- Зарядтау құрылғысын тазалау алдында оның желіден ажыратылғанына көз жеткізіңіз.
- Зарядтағышты бөлшектемеңіз, тастамаңыз немесе шайқамаңыз.
- Зарядтау құрылғысын зақымданған кәбілдермен пайдаланбаңыз.
- Пайдаланылмайтын зарядтау құрылғысын электр желісінен ажыратыңыз.
- Құрылғы коммерциялық мақсатта пайдалануға арналмаған.
- Құрылғы балалар мен физикалық, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеті шектеулі адамдар үшін, олардың қауіпсіздігіне жауапты басқа адамдар бақылайтын жағдайларды қоспағанда, пайдалануға арналмаған. Балаларға құрылғымен ойнауға рұқсат бермеңіз.
- Құрылғының құрылымына ешқандай өзгеріс жасамаңыз.
- Құрылғыны желіден ажыратқанда, оған қосылған кәбілден тартпаңыз.

Құрылғы схемасы



Пайдалану

- Кәбілді зарядтау құрылғысының сәйкес қосқышына жалғаңыз. Кәбілдің екінші ұшын мобильді құрылғыңызға жалғаңыз.
- Зарядтау құрылғысын желіге қосыңыз.
- Жұмыс кезінде құрылғы құрғақ бетте, қуатты жылу көздерінен, сондай-ақ сұйықтығы бар ыдыстардан алыс қашықтықта болуы тиіс.

Техникалық сипаттамалар

- Үлгісі: GaN CB20C-1.
- Сауда белгісі: DEXP.
- Шығыс қуаты: 20 Вт.
- Кіріс кернеуі: 100–230 В ~ 50/60 Гц;
- Порттағы шығыс тогы: 5 В, 3 А; 9 В, 2,22 А; 12 В, 1,67 А.
- Зарядтау құрылғысы блогындағы қосқыштар: USB-C × 1.
- Электр ток соғудан қорғау класы: II.
- Ылғал мен шаңнан қорғау дәрежесі: IP20.
- Жылдам зарядтау: бар.

Жинақталым

- Құрылғы.
- Пайдалану бойынша нұсқаулық.

Орнату, сақтау, тасымалдау (тасу), өткізу және кәдеге жарату ережелері мен шарттары

- Құрылғыға ешқандай орнату немесе тұрақты бекіту қажет емес.
- Құрылғыны өндірушіде және тұтынушыда қаптамада, жылытылатын үй-жайларда, ауа температурасы 5 °С-тан 40 °С-қа дейін және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80%-дан аспайтын жағдайда сақтау қажет. Үй-жайларда коррозия тудыратын агрессивті қоспалар (қышқыл, сілті буы) болмауы тиіс.
- Құрылғыны құрғақ ортада тасымалдау қажет.
- Құрылғы ұқыпты қарауды талап етеді, оны шаңнан, кірден, соққыдан, ылғалдан, оттан және т.б. сақтаңыз.
- Құрылғыны өткізу жергілікті заңнамаға сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Өнімнің қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін оны қарапайым тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайды. Оның орнына ол федералдық немесе жергілікті заңнамаға сәйкес кейіннен қайта өңдеу және кәдеге жарату үшін электр және электрондық жабдықты қабылдайтын тиісті пунктке тапсырылуға жатады.
- Құрылғының ақауы анықталған жағдайда дереу уәкілетті қызмет көрсету орталығына жүгіну немесе құрылғыны кәдеге жарату керек.

Кепілдік туралы ақпарат

Өндіруші бүкіл кепілдік мерзімі ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істейтініне, сондай-ақ материалдар мен құрастырымда ақаулар болмайтынына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі өнім сатып алынған сәттен бастап есептеледі және жаңа өнімдерге ғана қолданылады. Кепілдікті қызмет көрсету өнім пайдаланушы нұсқаулығына сәйкес пайдаланылған жағдайда, кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсінсіз істен шыққан элементтерді тегін жөндеуді немесе ауыстыруды қамтиды. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті қызмет көрсету орталықтарының аумағында жүргізіледі.

Кепілдік мерзімі: 18 ай.
Пайдалану мерзімі: 18 ай.

Қызмет көрсету орталықтарының өзекті тізімі: https://www.dns-shop.kz/service-center/

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Шэньчжэнь Цифаньсин Электроник Тэкнолоджи Ко., Лтд. 901 каб., 1 ғим., Наньчан бірінші өнеркәсіптік аймағы, Наньчан комьюнити, Сисян к-сі, Баоань ауданы, Шэньчжэнь қ., Қытай.

Manufacturer: Shenzhen Qifanxing Electronic Technology Co., Ltd. Room 901, Building 1, Nanchang First Industrial Zone, Nanchang Community, Xixiang Street, Baoan District, Shenzhen, China. Қытайда жасалған.

Импорттаушы / Қазақстан Республикасында талаптар қабылдайтын заңды тұлға: «DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Астана қ., Сарыарқа ауданы, Сарыарқа даңғ., 12 ғим., Қазақстан Республикасы.
Электрондық пошта мекенжайы: info@dns-shop.kz

Тауар ТР ТС (ЕАЭО) талаптарына сәйкес келеді.

Өнім сапасын жақсарту мақсатында сипаттамалар, өнім туралы ақпарат және оның сыртқы түрі пайдаланушыға алдын ала хабарламай өзгертілуі мүмкін.

Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген. V.2